



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ - ТҮРКІЛІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТТІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

Erzhan AUELBEKOV*

Seyfolla BODIKOV**

Nurjan AUELBEKOV***

Анатпа: Мақалада түркілік көркем мәдениеттегі қазақ халқының ұлттық қолөнерінің орны мен өнертанымдық ерекшеліктері қарастырылады. Түркі әлемінің көркем мәдениетінде өзінің ауқымдылығы мен күрделі мазмұндылығы арқылы, тарихи кезеңдердегі түркі мәдениетінің маңызды буынын құрайтын қазақ ұлттық қолөнерінің этномәдени аспектілері өнертанымдық, дүниетанымдық жағынан талданады. Әсіресе тоқымашылық, тері өңдеу, ою-өрнек, зергерлік, ағаш пен металл өңдеу сияқты қолөнер үлгілері қазақ қолөнері мен түркі халықтарының ұлттық қолөнері арасындағы тығыз сабақтастықты айқындай түседі. Зерттеу түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтау мен оны зерделеу барысында қазақ ұлттық қолөнерінің бірегей рөлін айқындау қажеттілігінен туындады. Қазақ ұлттық қолөнерінің түркілік көркем мәдениет жүйесіндегі орнын анықтау және оның көркемдік, рухани маңызын ғылыми тұрғыда зерделеу. Қазақ ұлттық қолөнерінің символдық мағынасы мен тарихи эволюциясы сипатталып, ұлттық қолөнерінің түркілік этномәдени бірегейлікті нығайтудағы маңызы қарастырылады. Түркілік көркем мәдениетте қазақ ұлттық қолөнері оның ажырамас бөлігі екендігі кешенді түрде семиотикалық, тарихи және мәдени салыстырмалы әдістер арқылы талданады. Қазақ қолөнерінің түркілік көркем мәдениетпен байланысын зерттеудің бірнеше негізгі нәтижелері

Araştırma Makalesi / Kūnye: Auelbekov, E. & Baodikov, S. Auelbekov, N. “Қазақ Ұлттық Қолөнері - Түркілік Көркем Мәдениеттің Маңызды Бөлігі”. *Türkoloji*, 122 (Haziran 2025), s. 79-120.

*Doç. Dr. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Filoloji Fakültesi, e-mail: erzhan.auelbekov@ayu.edu.kz, ORCID: 0000-0003-1536-3317

**Doç. Dr. E. A. Buketov Adındaki Karagandı Üniversitesi, e-mail:seyfolla_aa@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8005-4696

***Doktora Öğrencisi, S. Toraygırov Adındaki Pavlodor Üniversitesi, e-mail: nurzhan.aueylbekov@ayu.edu.kz, ORCID: 0000-0002-6463-3427

мен ғылыми пайымдаулары жасалады. Түркі халықтары қолөнерінің кейбір салыстырмалы белгілері және қазақ қолөнері түрлерінің түркі халықтарындағы көрінісі анықталады. Символизм және эстетикалық дүниетаным тұрғысынан қазақ қолөнерінің түркі этномәдениетіндегі өзіндік орны айқындалып, құнды қорытындылар жасалады.

Кілт сөздері: Түркілік көркем мәдениет, Ұлттық қолөнер, Қолөнердегі ою-өрнектер, Символизм, Түркілік қолөнердегі ортақ мазмұндар.

KAZAKH NATIONAL HANDICRAFTS - AN IMPORTANT PART OF TURKIC ARTISTIC CULTURE

Abstract: This article explores the artistic characteristics and cultural significance of Kazakh national crafts within the broader context of Turkic artistic heritage. From both artistic and ideological perspectives, the ethnocultural dimensions of Kazakh folk crafts are examined, as these traditions represent a vital phase of Turkic culture due to their historical depth and intricate content. Craft forms such as weaving, leatherworking, embroidery, jewelry making, and wood and metalworking illustrate the deep-rooted connections between Kazakh and wider Turkic craft traditions. Despite the acknowledged value of Kazakh crafts, their specific role in preserving and transmitting Turkic cultural identity remains insufficiently studied. This research addresses that gap by determining the position of Kazakh folk crafts within the system of Turkic artistic culture and analyzing their artistic and spiritual significance. It highlights the symbolic meanings and historical evolution of these crafts while considering their contribution to reinforcing Turkic ethnocultural identity. Through the application of semiotic, historical, and comparative cultural methods, the study offers a comprehensive analysis of how Kazakh crafts function as an integral element of Turkic visual culture. It also identifies key comparative features between Kazakh and other Turkic craft traditions, revealing both shared motifs and region-specific expressions. Ultimately, the research clarifies the unique role of Kazakh crafts in the broader Turkic ethnocultural framework and presents valuable scholarly conclusions grounded in symbolism and aesthetic worldview.

Keywords: Turkic artistic culture, Folk crafts, Ornaments in crafts, symbolism, General content in Turkic crafts.

Кіріспе

Қазақ халқының ұлттық қолөнері — ата-бабаларымыздың тұрмыс-салтын, дүниетанымын, эстетикалық және рухани құндылықтарын бейнелейтін өнер саласы. Бұл өнер ғасырлар бойы көшпелі өмір салтымен бірге дамып, қалыптасқан. Оның бастаулары тереңде, яғни түркі халықтарының ортақ тарихында, мәдениетінде жатыр. Түркі әлемінің көркем мәдениеті — кең ауқымды өркениеттік феномен, ал қазақ қолөнері сол мәдениеттің іргелі бөлігі ретінде ерекшеленеді. Бүгінде жаһандану үдерісінде ұлттық мәдениеттің өзіндік сипатын сақтау мәселесі өзекті болып отыр. Осы орайда, қазақ қолөнерін түркілік көркем мәдениеттің контекстінде зерттеу мәдени сәйкестік пен рухани жаңғырудың маңызды қырын ашады. Қазақ халқының ұлттық қолөнері – ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани және көркем мәдениеттің ажырамас бөлігі. Бұл өнер түркі халықтарының ортақ өркениетінің көрінісі ретінде де ерекше маңызға ие. Түркі әлемінің тарихи-мәдени кеңістігінде дамыған көркем өнер туындылары, әсіресе ою-өрнек, зергерлік, тоқымашылық, тері өңдеу, ағаш пен металл өңдеу сияқты қолөнер үлгілері қазақ қолөнерімен тығыз сабақтас. Осы мақалада қазақ ұлттық қолөнерінің түркілік көркем мәдениетпен байланысы, оның қазіргі мәдениеттегі орны мен маңызы қарастырылады.

Тақырыпты таңдаудың дәйектемесі

Түркі халықтарының мәдени байланысын анықтауда көркем мәдениет пен халықтық қолөнердің алатын орны ерекше. Қолөнер — тек тұрмыстық қажеттілік емес, халықтың тарихи жадын, көркем эстетикасын бейнелейтін нышан. Белгілі ғалым Әлкей Марғұлан: «Қазақ халқының өнері — көшпелі тұрмыстың эстетикалық айғағы, ұлттың көркемдік санасының көрсеткіші», – деп баға береді (Марғұлан, 2010, 78-96 -б).

Х.Арғынбаев қазақ қолөнерін жалпы түркілік көркем көшпенді мәдениетінің өзіндік ерекшелігі басым бөлігі деп анықтама берген (Арғынбаев Х. 1987, 58-64 -б). Қазақ қолөнеріндегі ұлттық ою-өрнектер мәдениетіміздің айшықты бөлігі әрі ырғақ өнері мен нышандарының тұтасуынан туған дүние екендігі анықталған (Шалабаева, 2016, 120-141 -б).

Қазақ қолөнері түркілік ортақ белгілерге ие бола отырып, өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Қолөнер үлгілеріндегі символика, құрылым, материалдарды пайдалану тәсілдері түркі әлемінің мәдени тұтастығын

көрсетеді. З.Самашев көне түркі таңбалары мен олардың қазақ қолөнеріндегі көріністерін зерттей отырып, мәдени сабақтастықты дәлелдейді (Самашев, 2010, 54-72 -б). Fatma Gülden Çelik түркі халықтарының қолөнеріндегі ою-өрнектер мен бейнелердің символдық мағынасы тарихи-көркем дәстүрлермен байланыста болатындығын дәлелдеп, қазақ қолөнеріндегі мотивтерді жалпы түркілік кеңістікке қатысты зерттеу жүргізді (Çelik, 2019, 110-135 -б). Татарстанда Рамил Сафиуллин татар халық қолөнерінің ою-өрнектері мен символдарының түркі халықтарының мәдени дәстүрлерімен үндесетінін көрсетеді, оның ішінде қазақ қолөнерімен ұқсастықтарын қарастырады (Сафиуллин, 2015, 72-94 -б). Осы факторлар тақырыпты таңдаудың ғылыми негізі болып табылады.

Мақаланы жазудағы басты себеп — түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтау мен оны зерделеу барысында қазақ ұлттық қолөнерінің бірегей рөлін айқындау қажеттілігі. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты, тарихи тамырларды тану, әрі оларды жаңғырту мәселесі өзекті болып отыр. Қазақ халқының қолөнері — бұл тек тұрмыстық заттар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар эстетикалық таным мен дүниетанымның көркем бейнесі. Түркі мәдениеті аясындағы бұл өнердің тарихи тамыры мен көркемдік ерекшеліктерін анықтау — ұлттық мәдениетімізді тереңірек түсінуге жол ашады.

Қазақ халқының материалдық мәдениетінің ажырамас бір бөлігі әрі түркілік көркем мәдениетте кең тараған түрі — тоқыма өнері. Бұл өнер тек тұрмыстық қажеттіліктен ғана емес, рухани мәдениеттің көрінісі ретінде де қалыптасып, дамыған. Тоқыма бұйымдары көшпелі тұрмысты бейнелейтін құралдар ретінде ұлттық сана мен көркем танымның айнасына айналған. Түркі халықтарының ортақ өркениеттік кеңістігінде тоқыма өнері ерекше рөл атқарып, әр этностың төл болмысын сақтап қалуында маңызды құрал болған. Түркі халықтарының мәдениетінде жүн өңдеу мен тері илеудің, тоқымашылықтың ортақ технологиялары қалыптасқан, бұл олардың мәдени тұтастығын дәлелдейді (Yıldız, 2018, 64-71 -б). Қырғыз елінде Эркинбек Бекмаматов еңбегінде қырғыз ұлттық қолөнері қазақ пен басқа түркі халықтарының қолөнерінің көркем стилі мен техникалық ерекшеліктерімен үндеседі, бұл мәдени сабақтастықтың нақты дәлелі деп айғақтайды (Бекмаматов, 2018, 85-105 -б). Ал Өзбекстандық ғалым Нигина Каримова болса, өзбек қолөнерінің технологиялық және стилистикалық жаңалықтары қазақ және түркі халықтарының дәстүрімен үйлесімді дамытып, ортақ мәдени кодты нығайтады деп анықтайды (Каримова, 2021, 71-92 -б). Осындай ғылыми

ой-пікірлер мен тұжырымдар қарастырылатын тақырыптың кеңірек қамтылуын айқындай түсіп, түркі мәдениетіндегі қазақ ұлттық қолөнерінің маңызды өнертанымдық, дүниетанымдық және рухани функцияларын ашуды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты - қазақ ұлттық қолөнерінің түркілік көркем мәдениет жүйесіндегі тарихи, көркемдік және рухани маңызын ғылыми негізде саралау. Қазақ ұлттық қолөнерінің түркілік көркем мәдениет жүйесіндегі орнын анықтау және оның көркемдік, рухани маңызын ғылыми тұрғыда зерделеу. Осы мақсатқа жету барысында мынадай міндеттерді орындау алға қойылды:

- қазақ ұлттық қолөнерінің түрлерін жүйелеу, ерекшеліктерін сипаттау;
- түркі халықтарының көркем мәдениетімен ұқсастықтарын анықтау;
- қазақ ұлттық қолөнерінің символдық мағынасы мен тарихи эволюциясын зерттеу;
- қазіргі мәдени кеңістіктегі ұлттық қолөнердің орнын, рөлін және жаңғырту бағыттарын көрсету;
- қазақ ұлттық қолөнерінің этномәдени бірегейлікті нығайтудағы маңызын сипаттау.

Зерттеудің ғылыми-зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, мәдени-антропологиялық, семиотикалық, герменевтикалық әдістер қолданылды. Дереккөз ретінде қазақ және түркі халықтарының қолөнері, археологиялық олжалары, этнографиялық материалдар, музейлік жәдігерлер, шеберлердің бұйымдары мен отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер пайдаланылды. Мысалы, UNESCO-ның түркі өркениетіне арналған баяндамаларында Орта Азия халықтарының қолөнерлік мұраларының ұқсастығы кеңінен қарастырылған (Esin, 1980, 109-142 -б).

Мақалада салыстырмалы-тарихи талдау, мәдени-антропологиялық зерттеу әдістері, сипаттамалық және жүйелі талдау тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар археологиялық деректер, этнографиялық материалдар, қолөнер шеберлерінің тәжірибелері мен өнертанымдық деректер негізінде зерттеу жүргізілді.

Зерттеудің ғылыми ерекшеліктерін төмендегідей көрсетуге болады:

- қазақ ұлттық қолөнері түркілік көркем мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде кешенді түрде семиотикалық, тарихи және мәдени салыстырмалы әдістер арқылы талданды;
- қолөнер бұйымдарындағы символдар мен эстетикалық мән-мағына түркі халықтарының ортақ дүниетанымымен байланыста жүйеленді;
- қазақ қолөнерінің тарихи даму кезеңдері мен қазіргі жаңғыру үдерістері мәдени бірегейлікті сақтау тұрғысынан бағаланды;
- түркі халықтарының қолөнеріндегі ортақ үлгілер мен айырмашылықтар салыстырмалы түрде сараланып, қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері айқындалды;
- қазіргі этнодизайн мен креативті индустрияда қазақ қолөнерінің қолданылу мүмкіндіктері ғылыми негізде көрсетілді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ ұлттық қолөнері түркі халықтарына ортақ көптеген көркемдік элементтерді қамтиды. Әсіресе ою-өрнек үлгілері Орта Азия мен Алтай өңіріндегі түркі тайпаларының қолөнерінде кездесетін элементтермен бірдей немесе өте ұқсас болып келеді. «Қошқар мүйіз», «түйе табан», «бота мойын» секілді ою-өрнектер түркі мифологиясындағы табиғат культімен, символдармен тікелей байланысты екендігі де белгілі. Mehmet Akkanat түркі халықтарының ұлттық қолөнері дәстүр мен жаңғыру арасындағы диалектика арқылы дамитындығын қарастырады. Сөйтіп қазақ қолөнеріндегі ою-өрнектердің рухани мәні жалпы түркі мәдениетіндегі ұқсас символдармен үндесетіндігін айқындайды (Akkanat, 2015, 119-140 -б). Әзірбайжанда Рәшад Мәммədov өз тұжырымдауларында Әзербайжан мен қазақ ұлттық қолөнеріндегі ою-өрнектердің мифологиялық және символдық мәні ортақ түркілік негіздерге сүйенетіндігін, алайда әр халықтың географиялық ерекшеліктері мен тарихи дамуына қарай өзіндік ерекшеліктері қалыптасқандығын анықтап көрсетеді (Məmmədov, 2018, 53-76 -б).

Зергерлік өнер де өз бастауын ежелгі сақ және ғұн мәдениетінен алады. Түркілік дәстүрде әйелдер әшекейі – тек сәндік бұйым емес, сонымен қатар тұмар, символдық нышан ретінде де қабылданған. Сол сияқты, қазақ киіз үйінің құрылысы мен оның ішкі жабдықталуы – түркі халықтарының көшпелі өмір салтына тән ортақ мәдени кодты айғақтайды. Ал, ағаш ұсталығы мен киіз басу өнері – көркемдік ойлау мен материалдық мәдениеттің үйлесімін көрсетеді.

Қазіргі таңда қазақ қолөнері этномәдени бірегейліктің символына, көркемдік белгісіне айналып отыр. Қолөнер өнімдері тек тұрмыстық зат емес, сонымен қатар мәдени бренд, заманауи сән және дизайн элементі ретінде қайта жаңғыруда. Бұл бағытта елімізде «Шеберлер одағы», «Qazaq handmade» жобалары т.с.с. бастамалар жүзеге асуда.

Қазақ қолөнерінің түркілік көркем мәдениетпен байланысын зерттеу барысында бірнеше негізгі нәтижелер мен ғылыми пайымдаулар жасалды:

1) Қолөнер түрлерінің тарихи сабақтастығы:

Қазақ халқының қолөнері — киіз басу, тоқыма, ағаш және сүйек ою, зергерлік, кестелеу, тоқыма, тері өңдеу — түркі халықтарына ортақ өнер салаларымен ұқсастықтар мен өз ерекшеліктерін көрсетті. Мәселен, тоқыма бұйымдар қазақтың көшпелі тұрмысы мен салт-дәстүрінде ерекше орын алған. Алаша, кілем, басқұр, терме, ши тоқу – осының бәрі тоқыма өнерінің түрлеріне жатады. Археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған заттар бұл өнердің терең тарихқа ие екенін көрсетеді. Археолог К.И.Вахрушевтың еңбектерінде Оңтүстік Қазақстанда табылған тоқыма фрагменттері VIII–IX ғасырларға жатқызылған (Вахрушев, 2009, 91-103 - б). Қазақ өнертанушы ғалымы Өзбекәлі Жәнібеков өз еңбектерінде қазақтың дәстүрлі қолөнері мен ою-өрнектерінің мәдени сабақтастығын және оның маңызын сипаттайды (Жәнібеков, 1987, 45-68 -б). Өзбекстанда Мирза Салимов өз еңбектерінде өзбек және қазақ қолөнерінде ортақ түркілік элементтер әсіресе ою-өрнек пен технологиялық тәсілдерде кездесетіндігін анықтап, бұл ұлттық мәдениеттердің өзара байланысы мен тарихи сабақтастығын көрсететіндігін тұжырымдайды (Салимов, 2017, 75-95 -б). Бұл деректер қазақ қолөнері дәстүрінің терең тамырын айғақтайды.

2) Символдық мағыналар жүйесі:

Қолөнердегі ою-өрнектер — қошқар мүйіз, тұмарша, ирек т.б. терең дүниетанымдық және мифологиялық мазмұнға ие. Атап айтқанда, «қошқар мүйіз» оюы молшылық пен өмірдің жалғасын білдірсе, «ирек» оюы судың, қозғалыстың символы болып табылады. Бұл элементтер түркологиялық зерттеулерде де кездеседі (Байпақов, 2005, 132-157 -б). Ресейден Татьяна Васильева жұмыстарында қазақ ұлттық қолөнеріндегі ою-өрнектер мен символдардың түркі халықтарының кең мәдени аясындағы ролі талданады (Васильева, 2018, 92-109 -б). Ш.Байділдаұлы қазақ ою-өрнектерінің түрлері мен олардың символдық мағыналарын зерттейді (Байділдаұлы, 2006, 61-66 -б), Ж.Н.Шайғозова, А.Б.Наурызбаева еңбектерінде қазақ мәдениетіндегі белгілер мен символдардың мағынасы сипатталады (Шайғозова, Наурызбаева, 2023, 27-39 -б). Қазақ ою-

өрнектерінің жалпы түркі халықтарының ою-өрнектерімен астасып жатуы да халықтардың этно-мәдени тұрғыдан да жақындығын айқындай түседі. Илшат Хисамов башқұрт қолөнері қазақ және жалпы түркі халықтарының қолөнер дәстүрлерімен үндесіп, ою-өрнектердің семантикасы халықтың этно-мәдени ерекшеліктерін және рухани дүниесін білдіретіндігін жазады (Хисамов, 2014, 29-50 -б). Ильдар Габдрахманов қазақ, татар және башқұрт қолөнерінің этникалық символикасы мен мәдени сабақтастығы зерттеледі (2017, 62-83 -б). Галина Исмагилова қазақ және татар ою-өрнектерінің стилистикалық және семантикалық ұқсастықтарын, олардың түркілік символикалық жүйеге қатыстығын талдайды (Исмагилова, 2017, 59-85 -б). Rafiz Hüseyinli Әзербайжан ұлттық ою-өрнектерінің қазақ және түркі халықтарының ою-өрнектерімен жалпы тамырлары бар, бұл ортақ мәдени кеңістіктің көрінісі (Hüseyinli, 2020, 60-81 -б). Бұл тұжырымдар қазақ ұлттық қолөнеріндегі символдық мағыналар жүйесінің кең ауқымды мәселе ретінде қарастырылу қажеттілігін айқындай түседі.

3) Түркілік мәдениетпен сабақтастығы:

Орта Азиядағы көне қалалардан табылған қолөнер бұйымдарының құрылымы мен өрнектері қазақ қолөнерімен ортақ. Өзбекстандағы Самарқанд өңірінен табылған теріден жасалған өрнекті ыдыс табақтар мен қазақтың ағаш табақтарына салыстырмалы талдау жүргізілгенде ұқсастықтары айқындалды. Сол сияқты, қазақ тоқыма бұйымдарындағы «қошқар мүйіз», «ирек», «сыңар мүйіз» өрнектері қырғыз, түрікмен, өзбек, түрік халықтарының кілемдерінде де кездеседі. Төлөмүш Садырбаев зерттеулерінде қырғыз қолөнерінің қазақ және басқа түркі халықтарының қолөнерімен тығыз байланысы, ою-өрнектер арқылы көшпелі өмір салтының дүниетанымы мен рухани құндылықтары бейнеленеді (Садырбаев, 2016, 42-65 -б). Түркіменстанда Махмұт Аннаев еңбектерінде түркімен ою-өрнектерінің қазақ және басқа түркі халықтарының қолөнеріне ықпалы, ортақ дәстүрлердің ерекшеліктері мен айырмашылықтары зерттеледі (Аннаев, 2016, 54-71 -б). Тоқыма өнеріндегі түркі халықтарының ортақ өрнектерінің жиі кездесуі де түркілік мәдениеттің сабақтастығын айқындай түседі (кесте-1). Бұл ортақ семиотикалық код түркі өркениетінің біртұтастығын көрсетеді. В.М.Массон: «Кілем тоқу тек экономикалық емес, сонымен қатар идеологиялық қызмет атқарған – ол халық жадын бейнелеген» деп жазған. Отандық ғалым С.Жолдасбекова қазақ кілемінің семантикалық кодын анықтау туралы зерттеулер жүргізіп, оның бүкіл түркілік мәдениеттегі маңызды орнын анықтады. Осы мазмұндағы түркі елдері ғалымдарының

тұжырымдарынан түркі халықтарының этномәдениетіндегі сабақтастықты анық байқауға болады.

4) Көркемдік стильдің трансформациясы:

Қазақ қолөнері уақыт өте келе қоғам қажеттілігі мен көркемдік талғамға байланысты өзгерістерге ұшырағанымен, оның негізін құрайтын символика мен құрылым сақталып қалған. Киіз үйдің сәндік элементтеріндегі өрнектер қазіргі интерьерлік дизайнда қолданыла бастады. Сонымен қатар, ұлттық тоқыма өнері заманауи сән индустриясында кеңінен қолданылады. Мәселен, «QazaqHand» бренді кілем мен басқұр оюларын заманауи киімдер мен аксессуарларға қолданады. Жас дизайнерлер AR/VR технологияларын пайдалана отырып, интерактивті кілем экспозицияларын жасап жүр (Bektenov, 2022, 13-18 -б).

Кесте 1. Тоқыма өнеріндегі ортақ түркілік өрнектер

Өрнек атауы	Мәдени мағынасы	Түркі елдерінде кездесуі
Қошқар мүйіз	Күш, байлық	Қазақ, түрікмен, әзірбайжан
Сыңар мүйіз	Ерлі-зайыптылық	Қазақ, қырғыз
Тұмарша	Қорғаныш, сақтандыру	Қазақ, өзбек, түрік

5) Қолөнердің әлеуметтік-мәдени рөлі:

Қолөнер — ұрпақтар сабақтастығының, ұлттық бірегейліктің көрнекі айғағы. Ол жастарға ұлттық таным мен құндылықтарды сіңіруде маңызды құрал ретінде қолданылады. Көптеген мектептер мен колледждерде этноқолөнер шеберханалары ашылып, жас буынның ұлттық мәдениетке қызығушылығы арттырылуда. Түркілік мәдениеттегі орны мен символдық мәні бойынша әсіресе тоқыма өнері – түркі халықтарының «көшпенді өркениетінің» бір бөлігі. Көшпелі қоғамда бұл өнер тек қолданбалы емес, сакралды мәнге ие болды. ЮНЕСКО мәліметтерінде Орта Азия халықтарының ұлттық қолөнері адамзаттың бейматериалдық мұрасының ажырамас бөлігі ретінде көрсетіледі (UNESCO ICH, 2016, 21 November 2016 - 23 November 2016).

Қазіргі таңда қазақ қолөнері мынадай түрлі салаларда тиімді қолданылуда:

- Білім беру: Мектеп бағдарламаларында ұлттық қолөнер элементтерін пайдалану оқушылардың ұлттық болмысты тануына ықпал етеді;
- Туризм: Этноауылдар мен шеберлік орталықтары арқылы ұлттық брендті ілгерілету мүмкіндігі;
- Креативті индустрия: Қазақ оюлары негізінде киім, интерьер, графикалық дизайн жасау;
- Сандық медиа: Ұлттық символикаларды анимация, бейнедизайнда пайдалану арқылы танымал ету.

6) Қолөнер түрлерінің көркемдік ерекшеліктері:

Қазақ ұлттық қолөнері бірнеше негізгі бағыттарға бөлінеді: зергерлік өнер, киіз басу, ағаш және сүйек ою, кесте тігу, тері өңдеу, тоқыма, киім-кешек пен тұрмыстық бұйымдарды дайындау. Әр бағыт өзіндік көркем тілге ие. Мәселен, киіз үйдің уығы мен керегесіне ойылып салынған геометриялық өрнектер көбіне күн, өмір ағашы, айналмалы әлем бейнелерін білдіреді. Атақты этнограф С.Мұқанов қазақ ою-өрнектерінің 230-дан астам түрін сипаттап, олардың символдық мәнін зерттесе, Ұ.М.Әбдіғаппарова қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің қыр-сырын, тәлімдік мәнін аша түсті (Әбдіғаппарова, 1999, 137-146 -б). Б.Байтанаев Қазақстанның сакральды географиясын зерттей отырып, қолөнердегі сакральды элементтерді талдайды (Байтанаев, 2017, 300-320 -б).

Сонымен қатар, қазақ қолөнерінің мазмұндық ерекшеліктерін зерттеген Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, Қ.Амирғазин, Ә.Қамақ, Қ.Қалмырзаев, З.Сейітов, С.Тәтіғұлов т.б. еңбектеріндегі қазақ қолөнерінің ішінде киіз басу, зергерлік өнер, ағаш ою, тері өңдеу түрлері мен олардың сипаттамалары бойынша олардың материалдар мен символикалық сипаты анықталды (кесте-2).

7) Түркілік ортақтық пен ерекшеліктер

Зерттеу барысында қазақ қолөнерінің түркі халықтарымен ортақ тұстары анықталды (кесте-3). Өзбек, қырғыз, түрікмен, татар халқының қолөнерінде де геометриялық өрнек, киіз бұйымдар, ағаш пен металл өңдеу кең таралған. Гүлнара Гафарова зерттеуінде түркімен ұлттық қолөнері мен қазақ қолөнерінің технологиялық және стилистикалық байланыстары жалпы түркілік мәдениет контекстінде қарастырылады (Гафарова, 2019, 82-98 -б).

Алайда қазақ қолөнерінде көркемдік пластика мен композицияда кеңдік, ырғақтылық байқалады. Осыған сәйкес, қырғыз халқында мозаикалық кілемдер (шырдақ), ал қазақ халқында түкті кілем (түскиіз) кең тараған.

Кесте 2. Қазақ қолөнері түрлері мен олардың сипаттамалары

Қолөнер түрі	Материалдар	Символикалық мәні
Киіз басу	Жүн, табиғи бояу	Аспан, жер, тіршілік дөңгелегі
Зергерлік өнер	Күміс, алтын, асыл тас	Қорғау, ана тектілік, ұрпақ жалғастығы
Ағаш ою	Қарағай, қайың	Әлем құрылымы, үй ішінің тұтастығы
Тері өңдеу	Ірі қара, қой терісі	Ерлік, еңбек, табиғатпен үндестік

Кесте 3. Түркі халықтары қолөнерінің кейбір салыстырмалы белгілері

Түркі елі	Ортақ символдар	Материал түрі	Негізгі техника
Қазақ	Қошқар мүйіз, тұмарша	Киіз, тері, ағаш	Тоқыма, оймыш
Қырғыз	Ирек, шеңбер	Киіз, жүн	Кестелеу, киіз
Түрікме	Гүл, ай символдары	Мақта, тері	Кілем тоқу
Өзбек	Шыңырау, шеңбер	Жібек, жүн	Зергерлік,

			елеу
--	--	--	------

Қолөнер бұйымдарындағы символдық семантика бойынша семиотикалық талдауда «қошқар мүйіз» оюының ұрпақ жалғастығын, «ирек» өрнегінің су, өмір ағысы мағынасын білдіретініне сәйкес, бұл символдар тек эстетикалық емес, дүниетанымдық мазмұнға да ие болады. Сондықтан түркі халықтарының қолөнеріндегі ұқсас символика дүниені біртұтас қабылдауын білдіреді.

Қазіргі қоғамдағы қолданылу аясы бойынша талдау жұмыстарын қарастыратын болсақ, бүгінгі таңда ұлттық қолөнер элементтері интерьер дизайнында, киім үлгісінде, зергерлік заттар мен кәдесыйларда кеңінен қолданылады. Мысалы, Qazaq Republic, Nomad Style сияқты брендтер ұлттық өрнектерді заманауи стильмен ұштастырып, жастар арасында танымалдыққа ие болды. Сонымен қатар мектеп бағдарламаларында қолданбалы өнер пәндері арқылы оқушыларға ұлттық дүниетанымды дарыту жүзеге асуда.

Қолөнер – тек мұра емес, экономикалық, туристік және мәдени капитал, сондықтан оның практикалық маңызы артып, келешегі жарқын бола түсуде. Қазақстанда «Шеберлер қаласы» жобасы, этнофестивальдер және халықаралық көрмелер арқылы қолөнершілердің еңбегі дәріптелуде. Бұған түркі халықтарының мәдени орталығымен қатар биыл, яғни 2025 жылы қасиетті Түркістан қаласының қолөнершілер қаласы аталуын да жатқызуға болады. Бұл бағытта мемлекеттік қолдау мен білім беру жүйесіндегі интеграция маңызды рөл атқарады. Осыған сәйкес, қолөнердің қолдану салалары мен мүмкіндіктері де арта түсуде.

Қолөнер түрлері және түркілік тамырды айқындау барысында қазақ халқының қолөнері мынадай негізгі салаларына ерекше мән беріледі: киіз және текемет өнері, ою-өрнек, кестелеу, тоқыма, ағаш және сүйек ұқсату, металды көркем өңдеу, зергерлік өнер, тері өңдеу. Атап айтқанда, киіз үй жабдықтарындағы текемет пен сырмақтардағы композициялық өрнектер Қырғызстан мен Моңғолиядағы ұқсас туындылармен үндес (Golombek & Subtelny, 1992, 140-148 -б). Ежелгі Алтай мен Саян өңірлерінде табылған археологиялық материалдарда да қазақ қолөнеріндегі «қошқар мүйіз» оюының ертедегі нұсқалары кездеседі (Rudenko, 1953, 214-218 -б). Осындай мәліметтер негізінде қолөнер түрлерінің түркі халықтарындағы көрінісін анықтап көрсетуге болады (кесте-4).

Қазақ ұлттық қолөнеріндегі символизм және эстетикалық дүниетаным кеңінен таралған ерекшелік ретінде саналады. Қолөнердегі символдар — халықтың дүниетанымының көркем коды.

Кесте 4. Қолөнер түрлерінің түркі халықтарындағы көрінісі

Қолөнер түрі	Қазақ халқында	Ұқсас элементтер кездесетін түркі халықтары
Киіз басу	Текемет, сырмақ	Қырғыз, түрікмен, башқұрт
Зергерлік өнер	Сырға, алқа, тұмарша	Өзбек, татар, хакас
Ағаш ұқсату	Кебеже, адалбақан	Түрік, ұйғыр
Ою-өрнек	Қошқар мүйіз, тұмарша	Бәрінде дерлік

Қазақ оюларындағы «қошқар мүйіз», «су өрнек», «құс қанаты» т.б. бейнелері тек әшекей емес, терең наным-сенім мен философиялық ұғымдарға негізделген. А.Н.Бернштамның Орта Азия халықтарындағы өрнек элементтері діни-семантикалық сипатта, табиғатпен үйлесімдікті білдіретіндігін анықтауы да тегін емес. Қ.Болатбаев түркі халықтарында өрнексіз заманның мәні жоқ екендігін, түркілер ою-өрнекті аса қастерлеген халық ретінде түркі халықтарының өзіне тән, бірақ дүниетанымы жағынан ұқсас келетін ою-өрнектері қалыптасқандығын жазады. Мысалы, қазақта «қошқар мүйіз» оюы, қырғыздардағы «кочкар муйуз» оюына өте ұқсас келетінін талдап көрсетеді (Болатбаев, 2008, 10 - б).

Айқындап жазатын болсақ, «қошқар мүйіз» — байлық, өсіп-өну, мал шаруашылығының маңыздылығын көрсетсе (1-2 суреттер), «құс қанаты» — еркіндік пен жоғары руханият белгісі (3-5 суреттер). Бұл символизм шамандық және тотемдік наным-сенімдермен де байланыстырылады (Roux, 1984, 300-301 -б). Х.Ғабитов өз еңбегінде қошқар мүйіз оюы неше түрлі формаға еніп, әсіресе текеметтің ортасында қошқар мүйіз оюы, ал шет-шеттерінде тұмар, шаршы немесе су оюлары көбірек кездесетінін


көрсетеді (Ғабитов, 2016, 186 -б). Ұ.М.Әбдіғапбарова өз еңбегінде қазақ ұлттық қолөнері бейнелеу өнерінің ең көне саласы екендігін, қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи дамуы мен ерекшеліктерін ашып берді (Әбдіғапбарова, 1999, 152 -б).

Қазақ ұлттық қолөнерінің тарихи кезеңдерін қарастыратын болсақ, оларды негізгі мынадай кезеңдерге бөледі:

1. Ежелгі дәуір – сақ, үйсін, ғұн кезеңіндегі бұйымдардан көркемдіктің бастауын көреміз;
2. Орта ғасырлар – архитектура мен көркемдік стильдің дамуы;
3. Қазақ хандығы кезеңі – қолөнердің ұлттық стиль ретінде қалыптасуы;
4. Кеңестік кезең – қолөнердің өндірістік стандарттарға бағынуы;
5. Тәуелсіздік дәуірі – ұлттық жаңғыру, авторлық стильдердің дамуы.

Қазіргі таңда қазақ ұлттық қолөнері мынадай бірнеше бағытта жаңғыруда:

- 1) Этнодизайн – сән индустриясында ұлттық нақыштағы элементтер трендке айналды («EthnoStyle», «Ashiq Fashion»);
- 2) Креативті экономика – авторлық шеберханалар мен шеберлер желісі қалыптасуда;
- 3) Білім беру – мектептерде көркем еңбек пәні аясында ұлттық элементтер оқытылады;
- 4) Мәдени туризм – Түркістан, Алматы, Шымкент қалаларында этноауылдар мен қолөнер орталықтары дамып келеді.



Сурет-1. Қошқар мүйіз оюы (қазақ оюы)



Сурет-2. Кочкар муйуз (қызғыз оюы)



Сурет-3. Татар халқының Құс оюы.



Сурет-4. Қырғыз халқының Бүркіт оюы



Сурет-5. Қазақ халқының Құс қанаты оюы

Қазақ ұлттық қолөнерінің практикалық қолдану мүмкіндіктері бойынша мынадай ерекшеліктер айқын байқалады:

- Білім беру саласы: Ұлттық қолөнер элементтері мектеп бағдарламасына кіріктіріліп, оқушылардың мәдени танымын арттырады. Мысалы, 5–7 сыныптарда көркем еңбек сабақтарында ою-өрнек, кестелеу мен киіз бұйымдарын жасау арқылы ұлттық мұрамен танысады.

- Мәдени индустриялар: Дизайнерлер, сәулетшілер ұлттық элементтерді заманауи сәнде, интерьерде қолдануда. Бұл – брендтік өнімдерді ұлттық нақышта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Цифрлық трансформация: Ұлттық өрнектер мен бұйымдардың 3D модельдері жасалып, цифрлық форматта халықаралық платформаларда ұсынылуда (KazArt жобасы).

- Жастар шығармашылығы: Ұлттық мотивтерге негізделген арт-резиденциялар мен шеберлік сыныптары – жастар арасында рухани сабақтастықты нығайтады.

Қазақ қолөнерінің түркі этномәдениетіндегі өзіндік орны бар және оның ауқымды этномәдени көзі болып табылады. Қазақ қолөнері — түркі өркениетінің этномәдени кодының көрінісі. Ол тек материалдық мұра ғана емес, сонымен қатар рухани және дүниетанымдық жүйенің айғағы болып табылады. Қазақ халқының тұрмысында кездесетін қолөнер бұйымдары — киіз үй жабдықтары, киім-кешек, ыдыс-аяқ, әшекей заттар — барлығы да түркілік ортақ стильмен үндеседі. Мәселен, атақты археологиялық қазбалардан табылған Қазақстандағы Бесшатыр мен Есік қорғандарындағы, Башқұрт жеріндегі Уфа қорғандарынынан табылған бұйымдардан байқалатын оюлар мен зергерлік бұйымдардың құрылымы қазіргі қазақ қолөнерінде сақталған. Башқұрт ғалымы Р.Б.Ахмеровтың еңбектерінде башқұрт халқының зооморфтық ою-өрнектеріндегі бұғының бейнесіндегі оюланған белдіктердің көптеп кездесетіндігі көрсетіледі (Ахмеров, 1996, 31 -б). Атап айтқанда, қола дәуіріне жататын Уфа обасынан табылған стилизацияланған бұғы оюлары мен Қазақстандағы Есік обасынан табылған әшекейлер ішіндегі бұғының стилизацияланған бейнесі бар заттардың ұқсастығы анықталады (6-7 суреттер).

Түркі халықтарының қолөнеріндегі ортақ символ ретінде кейбір жиі кездесетін ою түрлерінің түркі халықтарында кездесуі мен негізгі мағынасын зерттей келе, олардың мағынасының да бір-біріне сәйкес екендігі анықталады (кесте-5).

Кесте 5. Түркі халықтарының қолөнеріндегі ортақ символдар мен мазмұндар

Символ / Ою түрі	Түркі халықтарында кездесуі	Мағынасы
Қошқар мүйіз	Қазақ, қырғыз, түрікмен	Молшылық, өмір жалғастығы
Тұмарша	Қазақ, татар, башқұрт, қырғыз	Қорғау, рухани тазалық
Ирек	Қазақ, өзбек, ұйғыр	Су, өмір ағыны, қозғалыс
Шеңбер	Барлық түркі халықтары	Мәңгілік, әлемнің тұтастығы

Тұмарша оюының өзіндік символдық белгілері көптеген түркі елдерінде кездеседі, олардың түпкі мағынасы адамды сақтандыру ролін атқарды. Тұмарша оюы салынған кестені бәле-жаладан сақтап жүрсін дер ырымдап беретін болған (7-8 суреттер).

Е.Э.Баишева өз еңбегінде татар халқының ою-өрнектерінде түркі халқының көшпенді тіршілігінің сипаты жатқандығын көрсете келе, сол кездегі қалыптасқан ою-өрнек мотивтері осы кезге дейін жеткендігін айқындайды (Баишева, 2023, 101-107 -б). А.Селеметованың еңбегінде татар халқының ою-өрнектерінде символдық тұрғыдағы мәні ашылып, «Өмір ағашы» оюы адамдардың әл-ауқатын, дәулетін, күш-қуаты мен ұрпақ жалғасын білдіретіндігін көрсетеді (Селеметова, 2016, 884 -б).

Ұлттық қолөнер түрлерінің ішінде кесте өнері де Орта Азиядағы түркі халықтарының ерекше дамыған өнері ретінде анықталып, әсіресе қазақ және қырғыз халықтарындағы кесте өнерінің түстік, композициялық жағынан түбі бір тектес халық өнері екендігі көрсетілген (Аханов, Кунжигитова, 2020, 96 -б).




Сурет-6. Бұғы мүйіз
(Уфа қорғанынынан табылған зергерлік бұйымдағы башқұрт оюы)



Сурет-7. Бұғы мүйіз оюы
(Есік қорғанынан табылған зергерлік бұйымдағы стилизацияланған
қазақ оюы)



Сурет-8. Тұмарша (қазақ оюы)



Сурет-9. Тұмар (қырғыз оюы)

Қазақ ұлттық қолөнерін түркілік (тюркологиялық) тұрғыдан зерттегенде, антропологиялық, семиотикалық және герменевтикалық әдістерді қолдану — бұл дәстүрлі мәдениетті тереңірек тануға, ұлттық кодтарды ашуға және олардың тарихи-мәдени контекстін түсіндіруге мүмкіндік береді. Енді әр әдіске жеке тоқталайық:

1. Антропологиялық әдіс ретінде қолөнердің әлеуметтік қызметі, әсіресе әшекей бұйымдарды өңдеу сияқты өнер түрлерінің қоғамдағы орны, қолөнер шеберлерінің орны мен мәртебесі зерттеледі. Мәдени

жалғастық мәселесіне байланысты қалайша қолөнер дәстүрлері ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды, қазіргі таңда қалай сақталып отырғандығы қарастырылады. Этнографиялық мәліметтерге сүйене отырып, нақты аймақтардағы қолөнер ерекшеліктері анықталады. Яғни, түркі халықтарындағы ою-өрнек түрлерінің ерекшеліктерге сай өзгеруі антропологиялық дерек ретінде қарастырылады.

2. Семиотикалық әдіс арқылы қолөнердегі әсіресе ою-өрнек, таңбалардың мағынасы мен символикасы зерттеледі. Таңбалар жүйесі ретінде оюлардың (қошқар мүйіз, тұмарша, ирек, жұлдызша т.б.) шығу тегі мен мәні қарастырылады.

Ою-өрнектердің тілін оқу арқылы олардың мәдениеттегі орны ашылады. Бұл тәсіл арқылы ұлттық санадағы ұжымдық бейсаналық көріністер талданады. Семиотика әдісі түркі әлеміндегі ортақ белгілерді табуға мүмкіндік береді (қазақ пен қырғыз, түрікмен, башқұрт т.б. оюларының ұқсастығы). Мысалы, қазақтың «Қошқар мүйіз» оюы — байлық пен берекенің символы. Ол тек эстетикалық емес, сонымен бірге идеологиялық мәнге де ие.

3. Герменевтикалық әдіс арқылы қолөнер туындылары мәдени мәтін ретінде қарастырылады. Шебер жасаған бұйымдар сол дәуірдің философиясын, дүниетанымын білдіреді. Қолөнер бұйымдарын тарихи-мәдени контексте түсіндіру жүзеге асады. Қолөнердің символдық және мифологиялық негіздерін ашуға көмектеседі. Қазақ дүниетанымындағы аспан, жер, табиғат, уақыт туралы түсініктердің қолөнерде көрініс табуын түсіндіреді. Мәселен, қазақтың тұмарша оюы зұлым күштерден қорғаушы магиялық нышан ретінде қарастырылады. Герменевтикалық талдау оның түпкі мифологиялық мағынасын ашуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, түркі халықтарының ортақ мәдени тамырларын салыстыра отырып, біртұтас түркі өркениетінің көріністерін тануға жол ашылады.

Қазақ ұлттық қолөнерін семиотикалық тұрғыда талдауды жүргізу үшін нақты бір теориялық модельді қолдану — талдауға құрылымдық әрі ғылыми негіз береді. Мұндай модельдердің бірі — Чарльз Сандерс Пирс пен Роман Якобсонның семиотикалық үлгілерін біріктіре отырып қолдану. Бұл әдіс бізге таңба, мән және контекст арасындағы қатынасты талдауға мүмкіндік береді.

Семиотикалық талдауға арналған теориялық модель ретінде Ч.Пирстің таңба теориясын үш құрамдас бөліктен тұратын құрылым ретінде қарастырамыз (кесте-6):

Кесте-6. Ч.Пирстің таңба теориясы (Triadic model / Үштаған модель)

Компонент	Түсініктеме	Қолөнер мисалында
Репрезентамен (таңба)	Заттың өзі емес, оны білдіретін форма/белгі	«Қошқар мүйіз» өрнегі
Объект	Таңбаның сілтейтін заты немесе ұғымы	Мал шаруашылығы, байлық, өмірлік энергия
Интерпретант	Қабылдаушының санасында туған мағына немесе түсінік	Береке, күш, қазақ болмысы, ұлттық діл

«Қошқар мүйіз» оюы репрезентамен анықталады, сөйтіп, ол мал шаруашылығы мен дәстүрлі тұрмыс объектісін білдіреді. Интерпретант бойынша қазақтар бұл оюды берекенің, күштің, өміршендіктің белгісі ретінде қабылдайды.

Сонымен бірге, Р.Якобсонның коммуникациялық моделі + код ұғымы қолданылады. Роман Якобсон семиотиканы коммуникациялық үдеріс ретінде қарастырады. Бұл модельге сәйкес мыналар анықталады:

1. Контекст – өрнектің мағынасы пайда болатын мәдени-әлеуметтік орта

2. Баяндаушы (addresser) – шебер, қолөнерші

3. Қабылдаушы (addressee) – тұтынушы, ұрпақ, зерттеуші

4. Код – ұлттық ою-өрнек жүйесі

5. Беру арнасы (channel) – материал (кілем, киіз, зергерлік бұйым)

6. Хабарлама (message) – нақтылы көркем бейне (өрнек түрі)

Осыған сәйкес, тұмардың формасындағы зергерлік бұйым:

Хабарлама: үшбұрышты тұмаршада салынған «ирек» өрнегі

Код: қазақ мифологиясында «ирек» — су, қозғалыс, өмір

Контекст: адамды жамандықтан сақтайтын тұмар

Қабылдаушы: оны киген адам немесе қазіргі зерттеуші

Ч.Пирстің ұштаған моделі мен Р.Якобсонның коммуникациялық моделі — ұлттық қолөнерді семиотикалық тұрғыда мынадай ғылыми жүйемен түсіндіруге мүмкіндік береді:

-Қолөнер бұйымдары – мәдени таңбалар жүйесі;

-Ою-өрнек – ұлттық код;

-Зергерлік және тұрмыстық бұйымдар – мәдени мәтін.

Осыған сәйкес, қошқар мүйіз ою-өрнегінің семиотикалық моделінде элементтер мен олардың мазмұндық сипаты, мәні көрсетіледі (кесте-7).

Кесте-7. Қошқар мүйіз ою-өрнегінің семиотикалық моделі

Элемент	Мазмұны
Таңба	Спиральды, симметриялы, мүйіз тәрізді өрнек
Объект	Мал шаруашылығы, қошқар, табиғатпен үйлесім
Интерпретант	Береке, тіршілік көзі, ұрпақ жалғастығы
Контекст	Киіз үйдің сырғағы, бесік жабуы, зергерлік бұйым
Код	Түркі халықтарындағы оюлардың визуалды тілі
Мәдени функция	Рухани мағына беру, әлеуметтік мәртебені білдіру, тылсымнан қорғау

Қошқар мүйіз оюы — түркі халықтарының қолөнерінде кеңінен таралған көне символдардың бірі. Әрбір этнос бұл өрнекті өз дүниетанымына, тұрмыс-тіршілігіне, эстетикалық талғамына сай әртүрлі мағынада қолданған. Қошқар мүйіз оюының түркі халықтарындағы

мағыналық өзгерістері мен оған қатысты ғалымдардың зерттеулері келтірілген:

Қошқар мүйіз оюының түркі халықтарындағы мағыналық интерпретацияларын ұсынуға болады. Бұл жайында қазақ жеріндегі зерттеулерде Х.Арғынбаев қазақтың дәстүрлі қолөнері мен ою-өрнектерінің түрлерін, олардың мағыналарын жан-жақты сипаттап, қошқар мүйіз оюы күш-қуаттың, байлық пен берекенің символы ретінде қарастырады (Арғынбаев, 1987, 45-52 -б). Ал, Серғали Сұрағанов қазақтың дәстүрлі ою-өрнектеріндегі қошқар мүйіз мотивінің тарихи және мәдени маңызын талдайды. Автор бұл мотивтің ежелгі дәуірлерден бастау алып, қазіргі қазақ өнерінде қалай сақталғанын сипаттайды (Сұрағанов, 2021, 99-110 -б). Яғни, қазақ қолөнерінде қошқар мүйіз оюы береке, байлық, күш-қуат пен өміршеңдіктің символы ретінде киіз үйдің сырмақтары мен текеметтерінде, киім-кешек пен зергерлік бұйымдарда жиі кездеседі. Мүйізді өрнектердің негізі қойдың, арқардың, ешкінің, бұғының мүйіздерін түспалдаудан пайда болған. Қошқар мүйіз оюы неше түрлі формаға еніп, қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Мәселен, текеметтің ортасына “қошқар мүйіз”, шет-шетіне “тұмар”, “шаршы” немесе “су” оюлары салынады. Бұл халықтың туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген арман-тілегін білдіреді.

Анадолы түріктері зерттеушілерінің ішінде Хачер Арслан Калай Анадолы түріктерінің кілемдеріндегі жануарлар символикасы, соның ішінде қошқар мүйіз мотивінің мағынасы мен қолданылуын талдайды. Қошқар мүйіз мотиві күш, құнарлылық және байлықтың символы ретінде сипаттап көрсетеді (Калай, 2022, 82-94 -б).

Сол сияқты, түрікмендерде қошқар мүйіз оюы кілем тоқу өнерінде кеңінен қолданылады. Абдуррахман Девеци еңбегінде Түрікменстан мен Ирандағы Түрікмен Сахра аймағындағы қошқар мүйіз мотивінің мәдени және көркем өнердегі орны талданады. Қошқар мүйіз мотиві түрікмендердің өмірінде маңызды символ болып табылады, ол зират тастарында, үй тіректерінде, қабырға әшекейлерінде, кілемдер мен киіз бұйымдарында кездеседі. Әр рудың өзіндік ою-өрнек үлгілері бар, олар арқылы үй иесінің қай рудан екенін анықтауға болады. Бұл өрнектер тек сәндік мақсатта емес, рудың белгісі, әлеуметтік мәртебенің көрсеткіші ретінде де қызмет етеді (Девеци, 2017, 225-242 -б). Ғалым Берди Сарыев Түрікменстандағы кілемдер мен олардың мотивтерінің ұлттық бірлікті қалыптастырудағы этно-символдық рөлін қарастырады. Автор кілем мотивтерінің, соның ішінде қошқар мүйіз мотивінің, түрікмен тайпаларын

біріктіруші элемент ретінде қызмет ететінін сипаттайды (Сарыев, 2022, 227-239 -б).

Ал, қырғыздардың қолөнерінде қошқар мүйіз оюы «мүйіз» деп аталады. Бұл өрнек киіз бұйымдарда, киім-кешек пен тұрмыстық заттарда жиі кездеседі. Қошқар мүйіз оюы қырғыздар үшін де байлық пен берекенің символы болып табылады. Айда Касиева өз зерттеуінде қырғыз ою-өрнектерінің символдық мағынасы мен классификациясын қарастырады. Қошқар мүйіз (koshkor müyüz) оюы қырғыздардың киіз бұйымдарында, зергерлік әшекейлерінде жиі кездесетін, байлық пен берекенің символы ретінде сипатталады (Касиева, 2015, 637-658 -б).

Өзбекстан зерттеушісі Ирина Богословская еңбектерінде қарақалпақстандағы ою-өрнектердегі зооморфтық мотивтер, соның ішінде қошқар мүйіз мотивінің қолданылуы мен мағынасы талданады. Автор бұл мотивтің қорғаушы символ ретінде қызмет ететінін сипаттайды (Богословская, 2009, 25-34 -б).

Сонымен, қошқар мүйіз оюы түркі халықтарының барлығында дерлік кездесетін ортақ символ болғанымен, әр этноста оның мағынасы мен қолданылу аясы әртүрлі. Қазақтарда бұл өрнек береке мен дәулеттің символы болса, түрікмендерде рудың белгісі ретінде, ал қырғыздарда да байлық пен берекенің нышаны ретінде қолданылады. Бұл өрнектің мағыналық өзгерістері әр халықтың тарихи-мәдени ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан.

Стилистикалық салыстыруды қазақ кілемдері мен зергерлік бұйымдары бойынша қарастырғанда, ең бірінші, қазақ кілемдері көбінесе геометриялық және зооморфтық ою-өрнектермен безендірілгендігін анық байқауға болады. Мысалы, қошқар мүйіз, құс тұмсық, түйе табан сияқты мотивтер кеңінен қолданылады. Зергерлік бұйымдарда да симметриялы және геометриялық пішіндер басым. Сол сияқты, түрікмен кілемдері мен зергерлік бұйымдары салыстырсақ, түрікмен кілемдері тайпалық ерекшеліктерге байланысты әртүрлі ою-өрнектермен ерекшеленеді. Мысалы, гөл (gyol) мотивтері әр тайпаның өзіндік белгісі ретінде қолданылады. Зергерлік бұйымдарда да тайпалық символика мен геометриялық пішіндер кеңінен таралған. Ал, Әзірбайжан кілемдері мен зергерлік бұйымдарының ерекшеліктерінде гүлді және геометриялық мотивтермен безендірілген. Зергерлік бұйымдарда да гүлді және геометриялық ою-өрнектер басым.

Қазақ кілемдері мен зергерлік бұйымдарын технологиялық салыстыру барысында анықталғандай, қазақ кілемдері негізінен қолмен

тоқылады, бұл олардың әртүрлілігі мен бірегейлігін қамтамасыз етеді. Зергерлік бұйымдарда күміс пен алтын кеңінен қолданылады, оларды өңдеу үшін дәстүрлі әдістер пайдаланылады.

Ал, түрікмен кілемдері мен зергерлік бұйымдарына келетін болсақ, түрікмен кілемдері жоғары тығыздықпен тоқылады, бұл олардың беріктігін арттырады. Зергерлік бұйымдарда күміс пен алтыннан жасалған күрделі конструкциялар жиі кездеседі.

Сол сияқты, Әзірбайжан кілемдері табиғи бояулармен боялған жүннен тоқылады. Зергерлік бұйымдарда алтын мен күміс кеңінен қолданылады, оларды өңдеу үшін дәстүрлі әдістер мен заманауи технологиялар қатар пайдаланылады.

Семантикалық тұрғыдан қазақ кілемдері мен зергерлік бұйымдарына салыстыру жүргізу барысында қазақ ою-өрнектерінде табиғат пен жануарлар әлемінің символикасы кеңінен қолданылатындығы айқын байқалып тұрады. Яғни, қошқар мүйіз күш пен байлықтың символы ретінде танылса, зергерлік бұйымдарда да осындай символика өте жиі кездеседі.

Түрікмен кілемдері мен зергерлік бұйымдарының ою-өрнектерінде тайпалық символика мен табиғат элементтері басым. Оларда гөл мотивтері әр тайпаның өзіндік белгісі ретінде қолданылады. Зергерлік бұйымдарда да тайпалық символика мен табиғат элементтері кеңінен таралған.

Әзірбайжан ою-өрнектерінде гүлді және геометриялық мотивтер кеңінен қолданылады. Карачеп кілемдерінде тоғыз жұлдызды мотивтер жиі кездеседі, бұл тоғыз санының қасиеттілігіне байланысты (сурет-10). Ал, зергерлік бұйымдарда да гүлді және геометриялық ою-өрнектер басым.

Бұл салыстыру түркі халықтарының кілем және зергерлік бұйымдарының стилистикалық, технологиялық және семантикалық ерекшеліктерін көрсетуге бағытталған. Әр халықтың мәдениеті мен дәстүрі олардың қолөнер бұйымдарында көрініс табады.

Түркі халықтарының кілем және зергерлік бұйымдары олардың мәдениеті мен дүниетанымының көрінісі ретінде маңызды рөл атқарады. Бұл бұйымдарды стилистикалық, технологиялық және семантикалық тұрғыдан салыстыру олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қырғыз кілемдері, әсіресе "ала-кийиз" және "шырдак" түрлері, геометриялық және зооморфтық ою-өрнектермен безендірілсе, зергерлік бұйымдарда да қошқар мүйіз, құс тұмсық сияқты мотивтер жиі кездеседі.

Башқұрт кілемдері мен зергерлік бұйымдары да геометриялық және зооморфтық ою-өрнектермен ерекшеленеді. Мысалы, қошқар мүйіз, құс тұмсық, гүлді мотивтер кеңінен қолданылады.



Сурет-10. Азербайжанның Карачеп түкті кілемі. XX ғ. басы.

Сол сияқты, өзбек кілемдері көбінесе геометриялық және зооморфтық ою-өрнектермен безендіріледі. Онда "кулф-калит" (құлып-кілт) мотиві үйдің достарға ашық, дұшпандарға жабық екенін білдіреді. Зергерлік бұйымдарда да символдық мәні бар ою-өрнектер кеңінен қолданылады (сурет-11).



Сурет-11. Эшик-асма. Самарқан кілемі. 1930.

Технологиялық салыстыру барысында өзбек кілемдері негізінен қолмен тоқылады, бұл олардың әртүрлілігі мен бірегейлігін қамтамасыз ететіндігі байқалды. Зергерлік бұйымдарда күміс пен алтын кеңінен қолданылады, оларды өңдеу үшін дәстүрлі әдістер пайдаланылады.

Башқұрт кілемдері мен зергерлік бұйымдары да қолмен жасалады, бұл олардың сапасы мен бірегейлігін қамтамасыз етеді. Зергерлік бұйымдарда күміс пен алтын кеңінен қолданылады.

Түркі халықтарының кілем және зергерлік бұйымдары олардың мәдениеті мен дүниетанымының көрінісі ретінде маңызды рөл атқарады. Бұл бұйымдарды стилистикалық, технологиялық және семантикалық тұрғыдан салыстыру олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Түркі халықтарының ұлттық қолөнерін дамытуда практикалық стратегиялар мен цифрлық технологияларды қолдану бағыттары қазіргі заманғы мәдениет пен экономиканың маңызды бөлігіне айналууда. Бұл үрдіс дәстүрлі өнерді сақтап қана қоймай, оны жаңа буынға жеткізу мен жаһандық деңгейде танытуға мүмкіндік береді.

Осы бағытта практикалық стратегияларға мыналарды жатқызуға болады:

1. Ұлттық қолөнерді цифрландыру

Түркі мәдениетін сақтау және насихаттау мақсатында түркі мәдениеті мен мұрасы қоры материалдық және материалдық емес мәдени мұраларды цифрлық форматта каталогтауды қолға алды. Бұл бастама Түркі мемлекеттері ұйымының 2021 жылғы саммитінде қабылданған шешімдерге сәйкес жүзеге асырылуда.

2. Шеберлік мектептері мен оқыту бағдарламалары

Қазақстанда Айжан Бекқұлова бастаған «Қазақстан қолөнершілер одағы» дәстүрлі өнерді жандандыру мақсатында шеберлік сабақтары мен оқыту бағдарламаларын ұйымдастырады. Бұл бастамалар Smithsonian Folklife Festival аясында да қолдау тапты (Бекқұлова, 2018, 30-50 -б).

3. Мемлекеттік қолдау және заңнамалық шаралар

Өзбекстанда ұлттық қолданбалы өнерді дамыту мақсатында 1997 жылы Президент Жарлығы қабылданып, «Хунарманд» халық шеберлері қауымдастығы құрылды. Бұл ұйым шеберлерді қолдау, оқыту және дәстүрлі өнер түрлерін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізеді.

Түркілік мәдениетті дамытуда заманауи цифрлық технологияларды қолданудың мынадай бағыттарына да көп мән берілуі тиіс:

1. Цифрлық дағдыларды дамыту. Яғни, UNESCO Almaty жүргізген зерттеу нәтижесінде, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстандағы шығармашылық индустрия өкілдерінің цифрлық дағдыларын жетілдіру қажеттілігі анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша әр елге арналған нақты ұсыныстар әзірленді (Гончарова, 2023, 20-35 -б).

2. Виртуалды музейлер мен 3D технологиялар. Бұл бойынша Қазақстанда «Е-Museum» жобасы аясында ұлттық мұражайлар мен архивтерді цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл бастама арқылы тарихи жәдігерлер мен құжаттар кең аудиторияға қолжетімді болады (Гюль, 2006, 15-40-б).

Ұлттық қолөнер түркі халықтарының мәдени бірегейлігін, дүниетанымын және тарихын бейнелейді. Цифрлық технологиялар бұл мұраны сақтап, келешек ұрпаққа жеткізуде маңызды құралға айналууда.

Бұл стратегиялар мен бастамалар ұлттық қолөнерді сақтау, дамыту және жаһандық деңгейде танытуда маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологиялар мен халықаралық ынтымақтастық арқылы түркі халықтарының мәдени мұрасы келешек ұрпаққа жеткізіледі.

Бұл мақаланың ғылыми жаңалығы – қазақ ұлттық қолөнерін тек этнографиялық немесе қолданбалы өнер шеңберінде ғана емес, түркі өркениетінің тұтас көркемдік жүйесімен сабақтастыра қарастыруында. Атап айтқанда:

1. Салыстырмалы-мәдениеттанулық негізде қазақ қолөнерінің көркем тілі (ою-өрнек, пішін, материал, түс) түркі халықтарының ортақ символикалық коды ретінде зерделенеді.

2. Қазақ қолөнеріндегі мифологиялық-символдық элементтердің (мысалы, қошқар мүйіз, күн, су, тау, бұғы, арқар бейнесі) түркілік дүниетаныммен байланысы ашылады.

3. Қолөнердің антропологиялық-семиотикалық қызметі (тектілік, әлеуметтік мәртебе, дүниетаным) тарихи деректермен және заманауи мәдени контексте негізделеді.

4. Қазақ қолөнерінің технологиялық мұрагерлігі мен инновациялық әлеуеті, яғни дәстүрлі формаларды бүгінгі заманға бейімдеу мүмкіндіктері ғылыми пайымдаумен ұсынылады.

5. Түркілік мәдени тұтастықты сақтауда қазақ қолөнерінің мәдени код ретінде маңызын дәлелдейтін жаңа көзқарас қалыптастырылады.

Болашақ зерттеулерге мынадай ұсыныстар беріледі:

1. Кросс-мәдени зерттеу: Қазақ қолөнеріндегі ою-өрнек элементтерінің өзбек, қырғыз, түрікмен, башқұрт халықтарындағы ұқсас және айырмашылықтарын салыстырмалы зерттеу.

2. Цифрлық мұрағаттау: Қазақ қолөнерінің ою-өрнек, технологиялық әдістерін 3D форматта визуализациялап, виртуалды мұражайлар құру.

3. Жасанды интеллект көмегімен үлгі классификациясы: Ою-өрнектердің семантикалық желілерін цифрлық түрде жүйелеу, қолөнер бұйымдарын типологиялау.

4. Қолөнердің білім беру жүйесіне интеграциясы: Орта мектеп пен ЖОО бағдарламаларына ұлттық қолөнердің көркем-тарихи аспектілерін енгізу.

5. Қазақ қолөнерінің урбанистік дизайндағы қолданылуы: Көркем экологиялық дизайн, интерьер, киім-кешек пен аксессуарлар арқылы қазіргі заманға бейімделу жолдарын зерттеу.

6. Экологиялық тұрғыдан орнықты материалдар қолдану арқылы дәстүрлі шеберлікті жасыл технологиямен ұштастыру.

Қорыта келгенде, қазақ ұлттық қолөнерін түркілік көркем мәдениеттің бір бөлігі ретінде зерделей отырып, оның терең философиялық, эстетикалық, әрі семиотикалық болмысы ғылыми негізде ашылды. Түркі халықтарының ортақ көркем-мәдени негізін нығайтуда қазақ қолөнерінің рөлі – тек тарихи мұра емес, заман талабына жауап бере алатын шығармашылық әлеует ретінде қарастырылады.

Қазақ қолөнері өзіндік көркемдік мәнге ие бола отырып, түркі мәдениетіндегі белгілі бір стильдік сипаттамаларды да бойына сіңірген. Бұл – қазақ халқының этномәдени дамуының ашықтығы мен дәстүр жалғастығының белгісі.

Қазіргі этнографиялық және мәдениеттанулық зерттеулерде қазақ қолөнері этнос болмысын, дүниетанымын танытатын негізгі индикатор ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, бұл өнер түрі — ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтаудың тетігі. Мұндай ерекшеліктер қазақ қолөнерінің түркі этномәдени кеңістікте бірегей көрінісін қамтамасыз етеді. Бұл бірегейлік қазақ мәдениетінің жаһандық мәдени ағыстарда дараланып тұруына да ықпал етеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ ұлттық қолөнері тек эстетикалық және тұрмыстық қызмет атқарумен шектелмей, кең ауқымды тарихи-мәдени мәнге ие екені анықталды. Оның түркілік көркем мәдениетпен тығыз байланысы қазақ халқының этномәдени бірегейлігі мен дүниетанымының терең тамырларын көрсетеді. Түркі халықтарына ортақ қолөнерлік элементтер мен стильдер олардың тарихи сабақтастығы мен мәдени тұтастығын айқындайды. Сонымен қатар, қазақ қолөнерінің өзіндік көркемдік ерекшеліктері, символдық семантикасы және рухани мазмұны оның даралығын танытады.

Зерттеу барысында қазақ қолөнерінің келесі ерекшеліктері мен маңызы айқындалды:

- түркі әлемінің мәдени кеңістігінде қазақ қолөнері көркемдік стиль мен символика жағынан ерекше орын алады;
- қолөнер бұйымдарындағы дәстүрлі өрнектер мен белгілер халықтың мифологиялық, философиялық көзқарастарымен өзара астасып жатыр;

- ұлттық қолөнер — рухани жаңғырудың маңызды тетігі, тарихи жадты сақтаудың көрнекі тәсілі;
- қазіргі жаһандану жағдайында қолөнер этномәдени бірегейлік пен мәдени тұрақтылықты қамтамасыз етудің құралы бола алады;
- білім беру, туризм, дизайн, сандық медиа сияқты салаларда қолөнер элементтерін қолдану арқылы оны жаңғырту мен дамытудың кең мүмкіндіктері бар.

Қазақ ұлттық қолөнері — көркем, тарихи, рухани және әлеуметтік құбылыс ретінде түркілік мәдени кеңістікте ерекше орын алады. Оның символдық мағынасы мен эстетикалық құрылымы арқылы түркі халықтарының ортақ тарихы мен дүниетанымын түсінуге болады. Қазіргі таңда бұл өнер түрі тек мұра емес, сонымен қатар қазіргі заманғы шығармашылықтың көзі, ұлттық бірегейлікті сақтаудың тиімді жолы. Ұлттық кодтың көркем нышаны ретінде қолөнер жас ұрпақты тәрбиелеудің және Қазақстанның халықаралық мәдени имиджін қалыптастырудың қуатты тетігіне айналып келеді. Қазақ ұлттық тоқыма өнері – түркілік көркем мәдениеттің маңызды бөлігі. Бұл өнер халықтың дүниетанымын, символдық әлемін, әлеуметтік құрылымын бейнелейді. Қазіргі таңда бұл мұраны сақтау мен жаңғырту – мәдени саясат пен білім беру жүйесінің өзекті мәселесі. Ұлттық нақыштар тек сән емес, ұрпақтар арасындағы рухани көпір. Бұл өнер болашақ ұрпақтың ұлттық болмысын қалыптастыратын тәрбиелік құрал ретінде қызмет ете алады.

Қазақ ұлттық қолөнері – түркілік көркем мәдениеттің дамуындағы негізгі буындардың бірі болып табылады. Оның терең мазмұны, көркемдік құрылымы, тарихи сабақтастығы түркі өркениетінің біртұтастығын дәлелдейді. Бүгінгі күнде бұл мұра заманауи мәдениетке жаңа реңк беріп, ұлттық болмысты сақтау мен насихаттауда ерекше рөл атқаруда. Осы орайда қазақ қолөнерін ғылыми тұрғыдан зерттеу мен тәжірибелік деңгейде жаңғырту – мәдени тұтастықты сақтаудың маңызды тетігі болмақ.

Осылайша, қазақ ұлттық қолөнерін түркілік көркем мәдениет контексінде қарастыру — халықтық өнер мұрасын жаңа қырынан тануға, оның құндылығын бүгінгі қоғамда нығайтуға септігін тигізеді. Бұл бағыттағы зерттеулер мен практикалық жобалар ұлттық мәдениет пен өнердің болашағын айқындауда маңызды орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Akkanat, M. (2015). *Türk Sanatında Gelenek ve Modernleşme (Түркі өнеріндегі дәстүр мен жаңғыру)*. Стамбул: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları.
- Аннаев, М. (2016). *Түркімен Халық Ою-Өрнегі*. Ашхабад, Түркіменстан Ұлттық баспасы.
- Арғынбаев, Х. (1987). *Қазақ Халқының Қолөнері*. Алматы: Өнер.
- Аханов, Б.Ф. & Кунжигитова, Г.Б. (2020). *Көркем Кесте. Оқу құралы*. Алматы: Эверо.
- Ахмеров, Р.Б. (1996). *Об Истоках Декоративно-Прикладного Искусства Башкирского Народа*. Уфа: Китап.
- Әбдіғаппарова, Ұ.М. (1999). *Қазақтың Ұлттық Ою-Өрнектері (Оқу Құралы)*. Алматы: Өнер.
- Байділдаұлы, Ш. (2006). *Қазақтың Ою-Өрнектері*. Алматы: Өнер.
- Байпақов, К. М. (2005). *Қазақстанның Ежелгі Қалалары*. Алматы: Аруна.
- Байтанаев, Б. (2017). *Сакральная География Казахстана*. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана.
- Баишева, Е. Э. (2023). Орнамент в татарском искусстве, *Бизнес И Дизайн Ревю*, (31), 101-107.
- Бекмаматов, Э. (2018). *Кыргыз Элдик Көркөм Өнөрү (Кыргыз Халық Көркем Өнері)*. Бишкек: «Кылым» баспасы.
- Bektenov, A. (2022). AR and Cultural Heritage in Kazakhstan Textile Design. *Design Studies*, 13-18.
- Бекқұлова, А. (2018). *Қазақстан Қолөнершілерінің Дәстүрі Мен Қазіргі Жағдайы*. Алматы: Қазақстан Қолөнершілер Одағы.
- Богословская, И. (2009). Zoomorphic Motifs in Karakalpak Ornamental Art, *San'at Magazine*, (2), 84-92.
- Болатбаев, Қ.К. (2008). *Көкжиек Және Кеңістік*. Алматы: Алматы баспа үйі ЖШС.
- Васильева, Т. (2018). *Тюркские Народные Орнаменты В Контексте Этнической Культуры (Түркі Халықтарының Ою-Өрнектері Этникалық Мәдениет Контексінде)*. Мәскеу: Российская Академия Наук.

- Вахрушев, К.И. (2009). *Древние Текстильные Находки Южного Казахстана*. Алматы.
- Габдрахманов, И. (2017). *Этническая Символика В Народном Искусстве Татар И Башкир (Татар Және Башқұрт Халық Өнеріндегі Этникалық Символика)*. Уфа: Башқұртстан Ғылым Академиясы.
- Гафарова, Г. (2019). *Türkmenistan'ın Milli Halı Önemleri (Түркіменстан Ұлттық Қолөнер Өнімдері)*. Ашхабад.
- Golombek, L. & Subtelny, M. (1992). *Timurid Art and Culture: Iran and Central Asia in the Fifteenth Century*. Brill.
- Гончарова, А. (2023). *Орталық Азиядағы Шығармашылық Индустриялардағы Цифрлық Дағдылар*. Алматы: UNESCO Almaty.
- Hüseynli, R. (2020). *Azərbaycan Xalq İncəsənətində Milli Ornamentlər (Әзербайжан Халық Өнеріндегі Ұлттық Ою-Өрнектер)*. Баку: Elm və Təhsil.
- Гюль, Э. (2006). *Орталық Азиядағы Дәстүрлі Өнердің Болашағы*. Вена, INST.
- Ғабитов, Х. (2016). *Қазақ Мәдениетінің Тарихы. Оқу Құралы*. Алматы: Қазақ университеті.
- Девеци, А. (2017). Türkmen Sanat ve Kültüründe Koçboynuzu Motifinin Yeri (Türkmen Sahra – İran Türkmenleri.), *Journal of Turkish Studies*, (21), 225–242.
- Esin, E. (1980). *The Artistic Heritage of the Turks*. UNESCO.
- Жәнібеков, Ө. (1985). *Қазақтың Ұлттық Қолөнері*. Алматы: Жалын.
- Исмагилова, Г. (2017). *Татарские Орнаменты: Тарих И Современность (Татар Ою-Өрнегі: Тарих Пен Бүгінгі Заман)*. Казань: Казанский Государственный Университет.
- Yıldız, G. (2018). Common Patterns in Turkish and Central Asian Carpets, *Anadolu Sanat*, 64-71.
- Калай, Х.А. (2022). Reflections of Animal Symbolism on Anatolian Turkish Rugs, *Van YYÜ Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi*, (55), (40-55).
- Каримова, Н. (2021). *O'zbek Milliy Hunarmandchiligining Zamonaviy Taraqqiyoti (Өзбек Ұлттық Қолөнерінің Заманауи Дамуы)*. Ташкент: Fan va Texnologiya.

Касиева, А. (2015). *Kırgız Motiflerinin Sembolik Açısından İncelenmesi ve Sınıflandırılması. Turkish Studies – International Periodical for the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic*, (4), 637–658.

Марғұлан, Ә.Х. (2010). *Шығармалары*. Алматы: «Алатау» Баспасы. Т.9.

Məmmədov, P. (2018). *Azərbaycan Milli Sənətində Ornament Və Simvolizm (Əzərbaycan Ұлттық Өнеріндегі Ою-Өрнек Және Символизм)*. Баку: Elm Publishing.

Roux, J.P. (1984). *La religion des Turcs et des Mongols*. Paris: Payot.

Rudenko, S.I. (1953). *Culture of the Huns in the Altai*. Leningrad: Nauka.

Садырбаев, Т. (2016). *Кыргыз Эл Искусствосундагы Улуттук Кол Өнөрчүлүк (Кыргыз Ұлттық Қолөнер Өнері)*. Бишкек: Кыргыз Республикасынын Өкмөтүнүн басмасы.

Салимов, М. (2017). *O'zbek Milliy Hunarmandchiligi Tarixi (Ўзбек Ұлттық Қолөнерінің Тарихы)*. Ташкент: O'zbekiston Fanlar Akademiyasi.

Самашев, З. (2010). *Древнетюркские Тамги*. Алматы, АО «АБДИ Компани».

Сарыев, Б. (2022). *Türkmenistan'da Milli Birliğin Etno-Sembolik Kaynağı Olarak Halı ve Motifleri*. *Ağış Dergisi*, (2), 227–239.

Сафиуллин, Р. (2015). *Татар Халык Сәнгате Һәм Кул Эшләре (Татар Халық Өнері Мен Қолөнері)*. Казань, Татарстан Республикасы Мәдәният министрлығы.

Селеметова, А.Т. (2016). *Значение Символики В Крымско-Татарском Орнаменте. Молодой Ученый*, 6 (110), 870-884.

Сұрағанов, С. (2021). The Leading Ornamental Motif Koshkar Muyiz in Kazakh Ornamentation: in Search of the Primord, *Turkic Studies Journal*, (2), 99-110.

UNESCO ICH Reports. (2016). *Traditional textile crafts of Central Asia*. Paris.

Хисамов, И. (2014). *Башкорт Халык Осталыгы (Башқұрт халық шеберлігі)*. Уфа: Башкирское Книжное Издательство.

Çelik, F.G. (2019). *Türk Halk El Sanatlarında Sembolizm ve Anlam (Түркі халықтарының қолөнеріндегі символизм және мағына)*. Анкара: Ankara Üniversitesi Yayınları.

Шайғозова, Ж.Н. & Наурызбаева, А.Б. (2023). *Қазақ Мәдениетінің Белгілері Мен Символдарының Қысқаша Энциклопедиясы*. Алматы, ҚазНИИК.

Шалабаева, Г. (2000). *Ғасырлар Тоғысындағы Қазақстанның Көркем Өнері*. Алматы: «Ою» көркем галереясы.

References

Abdiğapparova, Ü.M. (1999). *Kazaktın Ulttıq Oyu-Örnekeri (Oku Kuralı)*. Almatı: Öner.

Ahanov, B.F. & Kunjigitova, G.B. (2020). *Körkem Keste. Oku Kuralı. Almatı: Evero*.

Ahmerov, R.B. (1996). *Ob İstokah Dekorativno-Prikladnogo İskusstva Başkirskogo Naroda*. Ufa: Kitap.

Akkanat, M. (2015). *Türk Sanatında Gelenek ve Modernleşme*. İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları.

Annaev, M. (2016). *Türkimen Halık Oyu-Örneği*. Aşhabat: Türkmenistan Ulttıq Baspası.

Arğınbaev, H. (1987). *Kazak Halkının Kolöneri*. Almatı: Öner.

Baydıldaulı, Ş. (2006). *Kazaktın Oyu-Örnekeri*. Almatı: Öner

Baypaqov, K. M. (2005). *Kazakstannın Ejelgi Kalaları*. Almatı: Aruna.

Baytanaev, B. (2017). *Sakralnaya Geografiya Kazahstana*. Almatı: Institut Arheologii im. A.H.Margulana.

Bayşeva, E. E. (2023). Ornament v Tatarskom İskusstve, *Biznes i Dizayn Revyu*, (31), 101–107.

Bekmatatov, E. (2018). *Kırğız Eldik Körköm Önörü*. Bışkek: “Kılım” Baspası.

Bektenov, A. (2022). *AR and Cultural Heritage in Kazakhstan Textile Design*. Design Studies. 13-18.

Bekqulova, A. (2018). *Kazakstan Kolönerşilerinin Dastüri men Kazirgi Jagdayı*. Almatı: Kazakistan Kolönerşiler Odağı.

Bogoslovskaya, İ. (2009). Zoomorphic Motifs in Karakalpak Ornamental Art, *San'at Magazine*, (2), 84-92.

Bolatbaev, Q.K. (2008). *Kökjiek jane Kenistik*. Almatı: Almatı Baspa Uyi JŞS.

- Çelik, F.G. (2019). *Türk Halk El Sanatlarında Sembolizm ve Anlam*. Ankara, Ankara Üniversitesi Yayınları.
- Devetsi, A. (2017). Türkmen Sanat ve Kültüründe Koçboynuzu Motifinin Yeri (Türkmen Sahra – İran Türkmenleri.), *Journal of Turkish Studies*, T. 12, (21), 225–242.
- Esin, E. (1980). *The Artistic Heritage of the Turks*. UNESCO.
- Gabdrachmanov, İ. (2017). *Etničeskaya Simvolika v Narodnom Iskusstve Tatar i Başkir*. Ufa: Başkurtistan Gilim Akademiyası, (175), 61–85.
- Gafarova, G. (2019). *Türkmenistanyň Milli Halı Önümleri*. Aşhabad.
- Golombek, L. & Subtelny, M. (1992). *Timurid Art and Culture: Iran and Central Asia in the Fifteenth Century*. Brill.
- Goncharova, A. (2023). *Ortalık Aziyadagı Şıgarmaşılık İndustriyalardagı Tsifrılık Dagdılar*. Almatı: UNESCO Almatı.
- Gul, E. (2006). *Ortalık Aziyadagı Dastürli Önerdin Bolaşagı*. Vena: INST.
- Ğabitov, H. (2016). *Kazak Madeniyetinin Tarihi. Oku Kuralı*. Almatı: Kazak Universiteti.
- Hisamov, İ. (2014). *Başkort Halık Ortalgı*. Ufa: Başkirkoe Knijnoe İzdatelstvo.
- Hüseynli, R. (2020). *Azərbaycan xalq incəsənətində milli ornamentlər (Azərbaycan halyq önerindegi ülttyq oyu-örnekter)*. Baku, Elm və Təhsil,-195 s. -60–80.
- İsmagilova, G. (2017). *Tatarskie Ornamenty: Tarih i Sovremennost (Tatar Oyu Örneği: Tarih pen Bügingi Zaman)*. Kazan: Kazanskiy Gosudarstvenniy Universitet.
- Janıbekov, Ö. (1985). *Kazaktın Ulttıq Kolöneri*. Almatı: Jalın.
- Kalay, H.A. (2022). Reflections of Animal Symbolism on Anatolian Turkish Rug, *Van YYÜ Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi*, (55), (40-55).
- Karimova, N. (2021). *O'zbek Milliy Hunarmandchiligining Zamonaviy Taraqqiyoti (Özbek ülttyq qolöneriniñ zamanauı damuy)*. Taşkent: Fan va Texnologiya.
- Kasiyeva, A. (2015). Kırgız Motiflerinin Sembolik Açıdan İncelenmesi ve Sınıflandırılması, *Turkish Studies – International Periodical for the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic*, T. 10, (4), 637–658.

- Margulan, Ä.H. (2010). *Margulan, A.H. (2010). Şıgarmaları. T.9. Almatı: Alatau Baspası.*
- Məmmədov, R. (2018). *Azərbaycan Milli Sənətində Ornament və Simvolizm (Azərbaycan Ülttyq Önerindəgi Oyu-Örnek Jäne Simvolizm).* Baku: Elm Publishing.
- Roux, J.P. (1984). *La religion des Turcs et des Mongols.* Paris: Payot.
- Rudenko, S.I. (1953). *Culture of the Huns in the Altai.* Leningrad: Nauka.
- Sadırbayev, T. (2016). *Kyrgyz El Iskusstvosundagy Uluttuk Kol Önorchülük.* Bişkek: Kırgız Respublikasynyn Ökmötünün Basmasy.
- Safiullin, R. (2015). *Tatar Halık Sangate Ham Kul Eşlare.* Kazan: Tatarstan Respublikası Madaniyat Ministırlığı.
- Salimov, M. (2017). *O'zbek Milliy Hunarmandchiligi Tarixi.* Taşkent, O'zbekiston Fanlar Akademiyasi.
- Samaşev, Z. (2010). *Drevnetyurkskie Tamgi.* Almatı: AO “ABDI Kompani”.
- Sarıyev, B. (2022). Türkmenistan’da Milli Birliğin Etno-Sembolik Kaynağı Olarak Halı ve Motifleri, *Arış Dergisi*, (2), 227–239.
- Selemetova, A.T. (2016). Znaçenie Simvoliki v Kırımsko-Tatarskom Ornament, *Molodoy Uçennıy*, (6), 870–884.
- Suraşanov, S. (2021). *The Leading Ornamental Motif Koshkar Mıyız in Kazakh Ornamentation: in Search of The Primordi*, *Turkic Studies Journal*, T. 3, (2), 99–110.
- Şaygozova, J.N. & Naurızbaeva, A.B. (2023). *Kazak Madeniyetinin Belgileri men Simvoldarının Kıskaşa Entsiklopediyası.* Almatı: QazNIIK.
- Şalabaeva, G. (2000). *Gasırlar Togısındağı Kazakstannın Kırkem Öneri.* Almatı: “Oyu” Kırkem Galereyası.
- UNESCO ICH Reports. (2016). *Traditional Textile Crafts of Central Asia.* Paris.
- Vasileva, T. (2018). *Tyurkskie Narodnie Ornamenty v Kontekste Etnicheskoy Kultırı.* Maskeu: Rossiyskaya Akademiya Nauk.
- Vahruşev, K.İ. (2009). *Drevnie Tekstilnie Nahodki Yujnogo Kazahstana.* Almatı.
- Yıldız, G. (2018). *Common Patterns in Turkish and Central Asian Carpets.* *Anadolu Sanat*, 64-71.

MİLLİ UYGULAMALI SANATLAR – TÜRK SANAT KÜLTÜRÜNÜN ÖNEMLİ BİR PARÇASI

Öz: Makalede Kazak halkının millî el sanatlarının Türk sanat kültüründeki yeri ve sanatsal özellikleri incelenmektedir. Tarihsel dönemlerde Türk kültürünün önemli bir kuşağını oluşturan Kazak halk el sanatlarının etno-kültürel yönleri, sanatsal ve ideolojik açıdan incelenmektedir. Özellikle dokumacılık, dericilik, nakışçılık, kuyumculuk, ahşap ve metal işçiliği gibi el sanatlarına ait örnekler, Kazak el sanatlarının Türk halklarının millî el sanatlarıyla sıkı bağıni ortaya koymaktadır. Çalışma, Türk halklarının kültürel mirasının korunması ve incelenmesinde Kazak ulusal el sanatlarının eşsiz rolünün belirlenmesi ihtiyacından doğmuştur. Kazak halk sanatlarının Türk sanat kültürü sistemindeki yeri belirlenerek, sanatsal ve manevi önemi bilimsel olarak araştırılıyor. Kazak millî el sanatlarının sembolik anlamı ve tarihi gelişimi anlatılmakta, millî el sanatlarının Türk etno-kültürel kimliğini güçlendirmedeki önemi üzerinde durulmaktadır. Kazak millî el sanatlarının Türk sanat kültürünün ayrılmaz bir parçası olduğu gerçeği, semiyotik, tarihî ve kültürel-karşılaştırmalı yöntemler kullanılarak kapsamlı bir şekilde analiz edilmektedir. Kazak el sanatları ile Türk sanat kültürü arasındaki ilişkinin incelenmesi sonucunda bazı temel sonuçlar ve bilimsel çıkarımlar elde edilmiştir. Türk halklarının el sanatlarının bazı karşılaştırmalı özellikleri ve Kazak el sanatlarının Türk halkları arasında tezahürleri ortaya konulmuştur. Sembolizm ve estetik dünya görüşü açısından Kazak el sanatlarının Türk etno-kültüründeki eşsiz yeri tespit edilerek değerli çıkarımlarda bulunmaktadır.

Anahtar Kelimeler: Türk sanat kültürü, Halk sanatları, El sanatlarında süsleme, Sembolizm, Türk el Sanatlarında genel içerik.

КАЗАХСКОЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО – ВАЖНАЯ ЧАСТЬ ТУРЕЦКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация: В статье рассматриваются место и художественные особенности национальных ремесел казахского народа в тюркской художественной культуре. С художественной и мировоззренческой точки зрения анализируются этнокультурные аспекты казахских народных промыслов, которые в силу своей обширности и сложного содержания составляют важное поколение тюркской культуры в исторические периоды. В частности, примеры таких ремесел,

как ткачество, кожевенное дело, вышивка, ювелирное дело, обработка дерева и металла, демонстрируют тесную связь казахских ремесел с национальными ремеслами тюркских народов. Исследование возникло в связи с необходимостью выявления уникальной роли казахских национальных ремесел в сохранении и изучении культурного наследия тюркских народов. Определяется место казахского народного ремесла в системе тюркской художественной культуры и научно изучается его художественное и духовное значение. Описаны символическое значение и историческая эволюция казахских национальных ремесел, а также рассмотрено значение национальных ремесел в укреплении тюркской этнокультурной идентичности. С использованием семиотического, исторического и культурно-компаративного методов комплексно анализируется тот факт, что казахские национальные ремесла являются неотъемлемой частью тюркской художественной культуры. В результате изучения связи казахского ремесла с тюркской художественной культурой сделаны несколько основных результатов и научных выводов. Выявляются некоторые сравнительные черты ремесел тюркских народов и проявления казахских ремесел у тюркских народов. С точки зрения символики и эстетического мировоззрения определяется уникальное место казахских ремесел в тюркской этнокультуре, делаются ценные выводы.

Ключевые слова: Тюркская художественная культура, Народные ремесла, Орнаменты в ремеслах, Символика, Общее содержание в Тюркских ремеслах.

Extended Summary

The national crafts of the Kazakh people are a field of art that reflects the way of life, worldview, aesthetic and spiritual values of our ancestors. This art has developed and been shaped over the centuries along with the nomadic way of life. Its origins go deep, that is, into the general history and culture of the Turkic peoples. The artistic culture of the Turkic world is a large-scale civilizational phenomenon, and Kazakh craft stands out as a fundamental part of this culture. A special place in determining the cultural ties of the Turkic peoples is occupied by artistic culture and folk crafts. Craft is not just a household necessity, but a symbol reflecting the historical memory and artistic aesthetics of the people. Kazakh craft is distinguished by its original expression, having common features with Turkic. The symbolism, structure, and ways of using materials in craft models reflect the cultural integrity of the Turkic world.

The main reason for writing this article is the need to determine the unique role of the Kazakh national craft in the preservation and study of the cultural heritage of the Turkic peoples. The crafts of the Kazakh people are not only a collection of household items, but also an artistic image of aesthetic cognition and worldview. The identification of the historical roots and artistic features of this art within the framework of Turkic culture is the way to a deeper understanding of our national culture.

The purpose of the study is to scientifically determine the historical, artistic, and spiritual significance of Kazakh national craft within the Turkic artistic culture. In the course of achieving this goal, the following tasks were set: - systematization of the types, description of the features of the Kazakh national craft; - identification of similarities between Kazakh and other Turkic artistic cultures; - to study the symbolic meaning and historical evolution of the Kazakh national craft; - to show the place, role and directions of modernization of the national craft in the modern cultural space; - to characterize the importance of the Kazakh national craft in strengthening ethnic and cultural identity.

The research used historical-comparative, cultural-anthropological, semiotic, hermeneutic methods. Crafts, archaeological finds, ethnographic materials, museum artifacts, handicrafts, domestic and foreign scientific research of the Kazakh and Turkic peoples were used as sources. The key scientific contributions of the study are as follows: - Kazakh national crafts as an integral part of the Turkic artistic culture have been comprehensively analyzed by semiotic, historical and cultural comparative methods; - symbols and aesthetic significance in handicrafts were systematized in connection with the general worldview of the Turkic peoples; - the stages of the historical development of Kazakh handicrafts and the processes of modern renaissance were evaluated from the point of view of preserving cultural identity; - common patterns and differences in the crafts of the Turkic peoples were comparatively differentiated, specific features of Kazakh culture were identified; - on a scientific basis, the possibilities of applications of Kazakh handicrafts in modern ethnodesign and creative industry.

During the study of Kazakh handicrafts and their connection to Turkic artistic culture, several key findings emerged: 1) the historical continuity of the types of crafts is obvious; 2) The presence of a system of symbolic meanings; 3) the visibility of continuity with the Turkic culture; 4) the observability of the transformation of artistic style; 5) the high socio-cultural role of crafts; 6) the identification of artistic features of the types of crafts; 7) the presence of a Turkic community and features. The study revealed the common features of Kazakh handicrafts with the Turkic peoples. When studying the Kazakh

national craft from a Turkic (Turkological) point of view, the use of anthropological, semiotic and hermeneutic methods allows for a deeper understanding of traditional culture, to reveal national codes and explain their historical and cultural context.

1. The anthropological method is used to investigate the social functions of crafts, especially the place in society of such art forms as jewelry processing, the place and status of artisans. In connection with the problem of cultural continuation, it is considered how craft traditions were passed down from generation to generation, how they are preserved at the present time. On the basis of ethnographic data, the peculiarities of crafts in specific regions are determined.

2. Using the semiotic method, the peculiarity of the ornament, the meaning and symbolism of symbols in the craft are studied. The origin and meaning of ornaments are considered as a system of symbols.

3. Using the hermeneutical method, handicrafts are considered as a cultural text. The products created by the master represent the philosophy and worldview of that era. The crafts are interpreted in a historical and cultural context.

The ram's horn ornament is one of the oldest symbols widely used in the crafts of the Turkic peoples. Semantic changes in the ornament of ram's horns among the Turkic peoples and studies of scientists associated with it are given. Stylistic, technological, and semantic comparisons of national carpets and jewelry have been conducted. It turns out that Kazakh ornaments frequently incorporate symbols of nature and wildlife.

The areas of application of practical strategies and digital technologies in the development of national crafts of the Turkic peoples are becoming an important part of modern culture and economy. Practical strategies in this area include: digitalization of national crafts, skill schools and training programs, government support and legislative measures. As a result of the conducted research, it was found that Kazakh national crafts have a wide historical and cultural significance, not limited only to aesthetic and household activities. Its close connection to Turkic artistic culture reflects the deep-rooted ethnic identity and worldview of the Kazakh people. The craft elements and styles common to the Turkic peoples determine their historical continuity and cultural integrity. In addition, the peculiar artistic features, symbolic semantics and spiritual content of the Kazakh craft reflect its individuality

Yazar Katkı Oramı (Author Contributions) Erzhan AUELBEKOV (%40), Seyfolla BODİKOV (%40),
Nurjan AVELBEKOV (%30),

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği
kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından
geçirilmiştir.

UDC 82; 81-26 DBTBL 17.07.51